

АКТЕР *тағдыры*

Л 2008
7850К



Қ а й с а р Ә Л І М

Қ а й с а р Ә Л І М

АКТЕР *тағдыры*

Қазақстан Республикасының халық әртісі
Әнуар Боранбаев туралы естеліктер мен
трагедиялық хикаят



“Фолиант” баспасы
Астана-2008

ББК 85.33

Ә 55

**Бұл кітап ұлтжанды азамат Қайрат Советайұлы Боранбаевтың
демеушілігімен шығарылды**

Ә 55 **Әлім Қайсар.**
Актер тағдыры. — Астана: Фолиант, 2008. — 504-бет.

ISBN 9965-35-388-3

Бұл жинақ — Қазақстанның халық әртісі, театр және кино өнерінің дарабозы, өмірден ерте озған Әнуар Боранбаевтай біртуар тұлғаның тар жол, тайғақ кешулі ғұмыр жолынан сыр шертеді. «Сейілмейтін мұң» трагедиялық хикаяты осынау өнер тарланының адами қасиеттері мен шынайы болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсетсе, қысқа тірліктегі сыйлас, тағдырлас әріптестері мен достарының, туған-туыстарының естеліктері де өнер саңлағының тұлғасын әр қырынан таныта түседі.

ББК 85.33

ISBN 9965-35-388-3

© Әлім Қайсар, 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008

*«...льса да – өмірдің
көркем айнасы».
М. Дулатов*

БІРІНШІ БӨЛІМ

СЕЙІЛМЕЙТІН МҰҢ

Трагедиялық хикаят

... Бұл қаралы күн — 1996 жылдың 30 мамыры еді.

... Тағы бір Ана дүниеден өтті. Дүниенің ұлы жаратылысының бірі көз жұмды. Ол — Әнуар Боранбаевтың анасы Біжікен болатын.

Иә, иә, ана деген ұлы жаратылыс қой. Кез келгені бөлек бітім, болат болмыс, даладай дарқан, шыңға біткен шынар емес пе?! Ұрпақ жалғастыру — ұлы қасиет. Әуелі, бір Аллаһ тағала, сосын киелі жерге табан тіреген Ананың алыптығы еш дәлелдеуді қажет етпес... Дәл осы тоқтам мен байламға баға жетпес... Ананың мейірімін күн шуағымен теңестіруден өзге салыстыру олқы соғар. Осы мейірім мен шуақтың бірі түтесілсе — өмір доғарылар. Қара ниеттілер жоғарылар. Әркімге тағдыр жазған ғұмырдың ғұламасы да Ана! Бұлағы да Ана! Көлі, теңізі, мұхиты да Ана! Тасы да Ана деп жырлайды! Тауы Ана деп асқақтайды! Ауасы Ана деп дем береді! Ана, Ана, Ана!.. Дана! Дара! Жалғасы Жаратқанның — Бала!..

Сол Ананың бірі жерленді. Ақ жуып, арулап, мүрдесін қара жерге табыстады. Әркімге өз анасы қымбат. Біжікен ана өлімге қиятын жан ба еді, жазған-ай?!

Көктемнің масатыдай құлпырған жеңіл желегін иығына селдір ілген Батпаққара өңірі қыс ызғарынан енді арылып, арқа-басын кеңге қуана да құлпыра салғалы емексігенде, тосыннан қара суық дауыл тұрды. Тағдыр сойқаны еді. Көктемге қол созған күнәсіз жүрек діріл қақты. Ананың бақилық болуы — қабырғаны қақыратты. Бұл өңір қайтадан қыс түскендей қалтырады. Көктем ғой! Неге қыс? Көктемге ғашық пенделерді суық бүргені несі? Ананың ыстық жүрегі тоқтағанда, ызғырық еседі екен-ау...

Қаралы жұрт жас қабірден кері ысырылып, тарқай бастады. Бірауық қимастықпен ошарылып тұрып қалған ет жақындары да амалсыздан ілби басып ыдырады. Бейіт басында шоқиып жалғыз Әнуар қалды. Сұр макинтошының етегін қымтай жүрелеп отыр. Өңі күзгі жапырақтай солғын. Үрлеп қалса курап, үгітіліп түсетіндей. Көз жасы да түтесілген сыңайлы. Тек бетінен андыздаған тұзды жастың кеуіп қалған сорап-іздері сезіледі. Қуаныш

жасынан із қалмаса керек, жауын суындай таза, мөлдір ғой. Қайғы жасы жердің сортаңындай былғағыш пәле ме дерсің. Жаннның ішкі дертін шайып шығарған соң не жорық?! Жанары мұнмен кіреукеленген. Жанары ғана емес, бүкіл болмыс-бітімі бордай езіліп, жұдырықтай жүрегінен өзгесі өзінікі емес күйде.

«Талақ еттің мені, опасыз тағдыр!» — деп үнсіз егілген Әнуар деміне шашалды. Тынысы тарылып, буынғандай ауа қармады. Оның үстіне осыдан төрт жыл бұрын тізеден жоғары кесіліп тасталған сол аяғы кәдімгідей, жаны бардай сыздап, көзі қаруытып кеткендей. Сыздағаны қара саны болар, әрине. Әйтпесе протезге жан бітпеген болар. Амалсыздан оң жақ жамбасына лықсып, протез аяғын кең көсілмек болып еді, оған әл-дәрмені жетпеді. Манағы әзірде, есі кіресілі-шығасылы бір шақта қошқармүйіз таяғы анадай жерге ұшып түскен екен. Соны қалай қолыма алсам екен деп, көз қиығын салды. Бауырын көктесінге төсей, жиырыла жазылып, кәдімгі мың қатпарлы жемдік құрттай бунақ-бунақ сақиналарын созғылап созып, пошымы ұзарып, қолы жетті таяғына. Ілгекті тұтқасынан сығымдап алды. Енді таяғын тіреп, оңтайлы тіктеліп, протез аяғының сырқырауын басты.

«Уһ! Апам-ай! Мені кімге тастап кеттің?! Құдай-ау, енді менің кімім қалды?! Кімім қалды?! Кімім қалды, қу тағдыр?! Не жауабың бар? Апа, сен не айтар едің? Қалай жұбатарсың мені? Жұбатшы, жұбатшы! Советай ағамнан айырылғанда, көзіңнің жасын көл қылып басу айтқан өзің едің ғой. Осы қайғыдан араға бір жыл түскенде тұңғышым — Ілиясым опат болып, жүрегім үзіліп, есім ауғанда жан шақыртып едің маған. Жан Апа, енді кімге жалынам? Кім менің күйреуік тағдырыма араша түседі? Өзің кеттің. Өзіңмен мені ала кетсеңші. Несіне қалам артында? Ала кетші, ерте кетші, тастамашы, Апа-а-а-а!»

Бір кезде Әнуар өздігінен өзеуреп, күбірлей бастады:

«Ел де — Ана,
Тарих та — Ана,
Өлең де — Ана,
Анамыз — мынау байтақ ғалам-дала.
Есімі Бостандықтың,
Табиғаттың,
Бәрі — Ана,
Анаң барда алаңдама!»

Бұл – жай күбір емес, қасиетті күбір еді... Олжас Сүлейменовтің жүрегін жарып шыққан жыр жақұты еді. Әнуардың өлеңнен ғана дәрмен күткен бейкүнә күйі еді. Күйзелісін Олжас ағасы арқылы күйретпек болған амал-қайраны еді...

Әнуар шөптесінге шерменде күйде қисая кетті. Қисайғаны емес, талықсығаны екен. Осы сәт анадайда ошарылып тұрған қаралы тобырдан бірер адам жанұшыра ұмтылып, шалт қимылмен былқ-сылқ еткен бейшараны жерден көтерісіп алды. Сазарған бетінен шапалақпен жеңіл шапақтап, оятып алды. Көзін жыпылықтатты. Өксік буған бойы дірілдеп, қалш-құлш етіп, отырмаққа ишара жасап, шөптесінге сүйретіле сұлап түсті. «Әлін жисын» дегендей, қаумаласқандар қимылсыз антарылып қалды. Қыбыр етпестен сәл жатқан Әнуар тыңайған кейіппен тіктеліп отырды да, іле таяғына сүйеніп шойнаң еткен күйі, орнынан ышқына көтерілді. Көтерілді де:

– Құдайым-ау, енді менің кімім қалды?! – деп, күнірене алға бір-екі қадам жасады тәлтіректеп.

Қабірдің дәл түбінде тұр еді. Рабайсыз еңкейіп, жас қабірден оң қолымен бір уыс сыз топырақ алып, ауаға шашып жіберді. Тозанданған топырақпен бірге жан дауысы қабат шықты:

– Менің қабіріме бұйырсыншы бұл топырақ! Бұйырсыншы! Бұйырсыншы!

– Тек, мұның жарамайды, ботам, – деп басу айтты кемсендеген қарт кісі. – Асылық болады. Тежел ондай артық сөзден. Құдайдан қорық! Бәрі бір Аллаһтың бұйрығы да. Көн. Көнбе-сіңе лаж жоқ!

Сөзге қонақ беретін Әнуар көнгендей болды. Бірақ екі көзін жас қабірден алар емес. Тістеніп, тесіле қарайды. Бір кезде көк тұңғиық аспанға жалт етіп жанар қадаған ол, есіне әлдене ұмытқаны түскендей, қара жерге – табан астына жаңа көргендей телмірсін. Тіпті, жерді таяғымен түртіп көрді. Қатты екен. Әнуар кемсендеп, Жер-Анаға шағынғандай болып, мұң-зарын қалай төккенін андамағандай. Жер-Анадан жәрдем күте жалбарынғандай еді.

«Анамның бетін жапқан киелі топырақ! Сенен Анам жаралды, сенен Әкем жаралды! Сенен былайғы бауырларым, мен жаралдым! Арғысын айтсам, ата-бабаларым жаралды! Қасиетті Жер-Ана! Еміреніп туасың, күніреніп суық қойныңа аласың! Сенен мейірімді, сенен қорқынышты не бар екен бұл жалғанда?

Сенің қуанышын мен қайғы-қасіретің де бір басыңа жетерлік қой. Оны кім ұғар? Бір ұқса, «Ана – Жер-Ананы» сахнадан көрген пенде ғана ұға алар. Ұлы актриса Сәбира Майқановасыз ұлы жердің мұң-зарын кім түсінер?! Толғанай – Сәбирасыз кімнің жетесіне жетпек? Иә, иә, Біжікен анамның көзін көрген Сәбира ападай сахна санлағынсыз Жер-Ананың қадірін түсінуші ме едік. Қайдан түсінейік? О кісі де өтті өмірден 81 жасында. Былтырғы жылдың басында айырылып қалдық ғазиз жаннан. Жер-Ана! Анасын сен барлық бейкүнә бейбақтарыңа. Сахна демекші, оны өмірден бөліп қалай қарарсың?! Сахна – Өмір! Өмір – Сахна! Ортасында жөңкіген бұлттай болып адамдар жүр уақытша. Бәріміз бір Аллаһтың добымыз. Сахнаның мәңгілік ауысып отыратын кейіпкеріміз. Сейілмейтін мұң бар басымызда. Актермін ғой, білемін, сейілмейтін мұңға оранған пендеміз. Апа, сен Жер-Ананның құшағына кірдің бе? Паналадың ба мәңгілік? Біз де жетерміз түбі, қасыңа. Жалғызсырамашы! Жер-Ананың бауырында кімдер жатпаған? Ерте ме, кеш пе, жатады. Осы өңірдің өзінде ғана кімдер келіп, кімдер кетпеді? Түгесіліп жатыр, жалғасып жатыр...».

Табанының астындағы қара жерге осылайша тесіле сөйледі Әнуар. Жүзі түтігіп кеткен. Әлем-тапырық. Осы күндер ішінде әбден қартайып кеткендей. Ұрты опырайып, жағы суалып, жанары семіп, жарқылын кеміткендей. Самайы да бұрынғы бозқыраудан ақүлпекке ауысқандай. Бетін әжім іздері айқын сызбалаған. Төңірегіне енжар қарайды. Сүлесок кейіпте. Тіктеп қарасынан: «Бұл өмірге несін келдік, бәрібір жер жастанамыз», – дейтіндей түңілушілік сезіледі. Өмірге ғашық адам да осылайша танымастай боп өзгереді екен-ау?! Бір күнде бәрін талақ етеді екен-ау?! Жайшылықта тапқыр әзілімен, уытты сықағымен, ұтқыр айтқыштығымен ұнжырғасы түсіп тұрғандардың еңсесін тіктеп, көңілін өсіріп тастайтын өмірсүйгіш өреннің өрге салғанда өршелене түсер өршілдігі ізім-қайым түгесілген бе? Анасын жоғалтқан пенде бәрінен жұрдай болар ма? Бәрі осылай қайғырар ма? Қайсыбір Ана жарықтық та тілін кәлимаға әрен келтіріп жатып: «Ұрпақтарыма менің бейнетімді емес, зейнетімді бере гөр, қайғымды емес, қуанышымды бере гөр», – деп Жаратқаннан жалбарынып өтінетіні қайда?! Сөйткен Ананың алды жарық, арты қайырлы болғанын тілеп, сабыр еткеннен басқасының қайшылық құрдымына батырғаннан өзге не жеңілдігі бар дейсің?

Түсінеді осыны Әнуар. Түсініп тұрып, түңіле сөйлейтіні, таусыла күңіренетіні қалай?

Дәл қазір өзін түсінбейтіндей халдегі Әнуар маңайына сәл бажайлап зер салып еді, балқыған мамырдың балқаймақтай ауасын жаңа ғана сіміре жұтқандай көкірегі ашылып, өмір терезесінен түскен шуаққа жаны жадырағандай селт етіп, серпіле бойын жиып алды.

«О, Табиғат-Ана! Анамның орнына сен қалғансың ба, енді? Анамның мейірімі мен шуағын сен арқылы толтыра алам ба, енді? Сенің мына құлпырған түрің қайғымды жеңілдетіп, қуанышқа жетелер ме екен? Өмір сырын ұқтыратын Табиғат-Ана, тылсымыңа тарта түсші! Анамдай болып маңдайымнан сипашы. Төкші мейірімінді. Қураған кеудеме үміт себезгілеші. Үмітімді үзбеші. Бір кіндіктен жаралған Социал ағам мен Кәбираш апам үшін, Таңат бауырым үшін, Ақбөпе зайыбым мен үлбіреген гүлім Әсел үшін, барша туған-туыстарым үшін өмір қызығын сезініп, жүре тұрайын да. Бойымдағы киелі өнерімді ұштау үшін, халқыма қалтқысыз қызмет жасауым үшін дем бер маған. Соған көмектесші! Жасаған, қолдай гөр! Табиғат-Ана, Анамдай бол, Анамдай бол! Өтінемін!»

— Көп тұрып қалдың-ау, Әнуаржан!

Сөйтіп пе, өзі? Анасымен ұзақ қоштасқаны ма?..

Әнуардың қос қолтығынан алып, демей түскен Сайлау ағасы мен Таңат інісі оны жеңіл мәшинеге әкеліп отырғызды... Қорым артта қалды. Әнуардың көз алдынан анасын қымталап жасырған жас төмпешік кетпей қойды. Үлкен қорымның әзірше соңғы қабірі. Әзірше ғана... Әйтпесе, мына өлілер мекенін кімдер толтырып, толықтырып жатыр?.. Талай айтулы батырлар мен ақындар, елге еңбегімен еленгендер, қарапайым жандар, жасамысы мен сәбиі, тіпті шаранасынан түсіп үлгермегендері... бәрі-бәрі осында мәңгі тыныстаған. Лауазымдысы мен лауазымсызы, ханың да, қаран да өлшеулі жермен тенестірілген. Бір пұшпақ қана жерге «тойып» жатыр. Тірісінде соларды теңгеріп көр. Көкірек керіп, кеуде қаққанда жарты әлемге сыятын ба еді? Ендігі меселі мынау. Әнуардың есіне әлем билеушілерінің апайтөсі Ақсақ Темірдің күмбезіне өзі өсиет етіп, ойдырып жаздырған: «Мен де сендей болғанмын! Сен де мендей боларсың!» — деген жан түршіктіретін сөзі түсті. Иә, әлемге таныл немесе

ауылдан ұзама, бәрібір бір төмпешіксің ғой... Жұлқыстырып, тартыстырып қойған өмірдің ең сәуегей сарапшысы Өлім екен-ау!..

Анасының қабірі есіне түскенде, оның сызды топырағының иісі кеңсірігін жарып жібергендей болды. Қолқасы кеуіп, тұншыққандай ма? Жұтқыншағы кеберсіді. Өксіктің өзі талма жерден талдырып, қырық қырғышымен қырнап шықпаса не етті? Солай шығар. Әнуардың мандайынан шыпшыған тер өн бойына шымырлап жайылған түрі бар. Пеш аузына қақталғандай қызуы көтеріліп, шығғырып әкетіп бара жатқандай ма? Дәл осындай күйді осыдан үш жыл бұрын, Кенсайда төмпешік боп қалған жас қабірдегі тұңғышы Ілиясты ойлағанда басынан кешкенін еміс-еміс елестетіп үлгерді...

Ауылдың қарасы әлі көріне қоймаған. Өткінші сезім, оған бұғалық салғыш төзім Әнуардың бір басынан артылып жататын. Бұл жолы да ол өзін тез тежеп, сабасына түсе қойды. Қызуы да қайтқан-ау, сарабал ойы жүйесімен әрі жүлгеленді. Осы қорымда қари ақын Файзолла Сатыбалдыұлы жерленген. Ол есімі Кіндік Азияға белгілі дінбасы, әулие Сатыбалды ишанның отбасында дүниеге келіпті. Әділетсіздіктің қылбұрауы мойнында шірімей, қаншама жыл айдауда жүргенімен, туған жерінен топырақ бұйырған. 1959 жылғы желтоқсан айының соңына таман демі үзілгенімен, өзінің өсиетімен бір апта отбасына түнетіп, қаңтардың басында мүрдесі жер қойнына тапсырылғанын Әнуар жадында сақтап қалған.

Неге екені белгісіз, сол қаралы жерлеу есінен әсте кетпейді. Сонда небәрі он бір жаста екен. Аманкелді ауданының орталығына сырттан «ой, бауырымдап» жеткендердің саны қисапсыз. Олардың ішінде есімдері Қазақстаннан тыс жерлерге мәшүһр діни қайраткерлер не сан?! Қайғыдан күйзелген жұрт Файзолла ата мүрдесін қолдарымен тік көтерісіп, көше күңіrentіп жаяу жүрген бойы өзінің әкесі Сатыбалды ишанның мазарына апарып жерледі. Ересектер қатарына іліге алмаса да бір топ баланың ішінде жүрген Әнуар боп-боз боп, жұртпен бірге егіле жылап, өзінің үш жасында бақилық болған Боранбай әкесінің жаназасы жана шығарылғандай, өксік буып иіліп, аяғын басуға жарамай қалған. Бала жүрегі ел-жұртқа аяулы асыл пенденің о дүниелік болғанына езілмей тұра алмапты-ау. Сол жолы: «Елге аса қадірлі адамдарды жерлеудің өзі өзгеше қасіретті болады екен-ау»,— деген тосын ой түйген еді Әнуар. Осы ой жетегінде

тұрып Файзолла атасының мына өлеңінен үзіктер көкейінен сор-
ғалап кеткендей болған:

Қош, аман бол, туған жер,
Кіндігімді жуған жер.
Жаламенен жазықсыз,
Амалсыздан ауған жер!

Жасынан өлең жаттауға әуестігі де, Әнуар бұл атасының көп өлеңін көкейіне түйіп алған. Өзге де ақындардың жауһар жыр-
ларын нәшіне келтіріп жатқа соққанда, сыныптастары түгілі,
мұғалімдері де оның келешегінен үміт күткендей, қызыға қарап
қалатын.

Көріп жүр ғой, бұған дейін. Кімдер өлмей жатыр?.. Азын-
аулақ адам жиылып, дауыс салмай-ақ, жеделдетіп бетін топы-
рақпен жасыра салған өлім жөнелтуді де көрген... Сонда өлімнің
өзі абыройлы немесе абыройсыз болғаны ма? Сол жолы бала
сезімі осындай шешуі қиын жұмбаққа да тіреліп еді... Сол жолы
үлкендер аузынан: «Жарықтық өзгеше жаратылыс қой, қанша-
ма жыл айдауда жүрсе де сүйегі айдалада қалмай, туған жерінен
топырақ бұйырды емес пе? Армансыз ғой, асыл атамыз», — де-
ген сөзді естіген Әнуар.

Кейін, есейгенде де осы сөз көкейінен шықпайтын болды.
Орысқа қазақтан солдат бермеймін деп, азаттық айқасына түскен
Аманкелді Иманов батырдың сүйегі де аманатпен үш рет жер-
леніп, төртіншісінде ғана өз өлкесінің бір пұшпағына әрең жай-
ғасқанын біледі. Ал оның көзсіз мерген сарбазы болған Кейкі
Көкембайұлының тағдырын асқан талантты жазушы Ақан
Нұрмановтың «Құланның ажалы» романынан оқып, білгені бар.
Кейкі батырдың шауып әкетілген басы қайда қазір? Денесі елін-
де көмілген. Ал басы соңғы анық деректер бойынша, Санкт-Пе-
тербургтің кунст-камерасында нөмірленген күйінде сақтаулы
екен. Батырдың бас сүйегін әкеліп туған жеріне жерлеудің сәті
бір түспей-ақ қойды. Бассыз дене қабірде жатқанымен, Кейкі
бабамыз тұтастай, толық жерленді дей аламыз ба? Осы сұрақтар
Әнуарды елге келіп, аруақтарға Құран бағыштаған сайын қинай
түседі. Сол мазасыз ой, міне, мәшинде келе жатқан Әнуардың
миын тағы осқылап өткендей. Ел-жұрты не істеп отыр? Бұл мәсе-
ле Қазақ үкіметінің назарына іліксе де еш нәтижесіз қала беретіні
несі? Ұлттық намыс қайда?

Зират жақтан қайтқан бұлар анадайдан көрінген ауылға таянып та қалған еді. Дегенмен ойдың оскырынған көк дөнені бәрінен жүйрік еді дәл қазір. Сәуледен де, дыбыстан да шапшаң шығар, бәлкім. Әсіресе, мұнды ойдың ұшқырлығына ештеңе теңеспес. Неге екені белгісіз, Әнуардың ойына дәп қазір осы өңірден шыққан халықтық өнер бастауында тұрған дарындылар мен таланттылар орала берді. Солардың бәрі де елін рухани сусында тып, берерін беріп, о дүниеге озып кеткендер. Өнер тарланбоздарының өнегесі өміршең де өршіл келеді екен. Өмірден өткендерімен рух жалғастығын ешкім тыя алмақ емес. Аманкелді ауданында 1938 жылы алғаш рет колхоз-совхоз театры ашылыпты. Оның директоры кейін Халық ақыны атанған Нұрхан Ахметбеков болыпты. Ал орынбасар міндетін атқарған Байғоныс Мұхамеджанов әртістігімен де ерекше көзге түскен. Бұдан басқа Ахметхан Әбіқаев, Қазыбек Әбенев, Хамидолла Нәшкенов, тағы басқа өнерпаздар сахналық қойылымдардың тірегіне айналып, өнер кемесін өрге жүзгізе білген. Солардың есімін Әнуар әрдайым еске алуды өзіне бұлжымас парыз санайды. Бұлар да бақилыққа аттанған жандар. Бірақ өнер құдіреті өлімнен де күшті ме екен, әйтеуір, ізашарлардың ізетті де ілім-білімді істерін күні бүгінге дейін ел-жұрты ауыздарынан тастамай, аңыз ғып айтып жүреді. Шыншыл да таза өнердің өмірі мәңгілік екендігінің жарқын мысалы осы болса керек-ті...

Өмір мен өлім туралы ойларға қамалып қалған Әнуар оның шырмауынан қалай босанып шығарын білмей дағдарғанда, мәшине жатаған үйдің алдына келіп кілт тоқтады.

Тағы дауыс салу. Жоктау. Күңірену. Сыңсу. Бір-біріне басу айту. Көздің жасы да көл екен, толассыз ағады... Әнуар да боркеміктеніп кеткен. Өзіне-өзі ие бола алмайды. Қос иығы селкілдеп булығы еңкілдегенде, маңайдағылар: «Қайтсін-ай, Біжікендей ананы жоғалту онай ма?» — деп, өздері қалай ботадай боздап, жоқтау айтып кеткендерін аңғармай қалады. Қайғының зарын бастан өткерген біледі, Әнуар анасын жоқтап, езіліп тұрғанда ғайыптан тайып есіне Советай ағасы мен Лияс ұлының бейнелері қатарласа түсіп, одан әрмен үгітіледі. Кей тұста осы үш асылын алма-кезек құшып сүйгендей болып, өрекіп кетеді. Бір кезде шалығы бардай шалқактап, демі жетпей, бет-әлпеті бозарып кеткенде, жанашырлары жан-жақтан қаумаласып, қолдап көтерісіп, үй ішіне сұлатып енгізді...

...Есін жиып, өз-өзіне келгенде Әнуар қаумалап отырғандарға көз жүгіртіп, қисайған төсегінен тіктеліп, жайланып отырды. Ұйпа-тұйпа боп қобыраған шашын салалы саусақтарымен жөндемдеп, үсті-басын жеңіл ретке келтірді. Өзінің ауыр ойдан шыға алмай, соншалықты жүнжіп, боркемік күйге түскенін сезеді, әрине. Жұрттың сын көзінен қалтарыста қалмағанын түсінеді. Не ойлап отыр бұлар? «Анасын жоғалтқан тек осы ғана ма екен?», — деп, табалайтындар да табылар. «Сабырынан айырылған күйгелек біреу боп кеткені ме?» — деп, үрке қарап, сынап-мінеп отырғандары қанша ма? Сезеді бәрін, әркімнің көкейіндегісін айна-қатесіз танитындай. Енді ол қайғымен іштей қасарысқандай, күллі болмысын қайрап, қатайып, өзін бір қолға алған пішінмен, өңін айбаттандыра, болаттай берік күйге енгенін бет-әлпетінен де танытып, қомданып қойды.

Әр тұстан әр ыңғайдағы сөздер естіле бастады. Бір Аллаһтың мейірі мен шапағаты жөнінде, Құран Кәрімнің қағидаттары туралы, аруақтардың алдындағы парыз-қарыз жайлы алма-кезек әңгіме өрбіп, үй ішінде қайғының қаралы бұлты аз-кем болса да сейілгендей болды. Бірақ әр кеудені торлаған мұнды біржолала серпіп, жүдеу жанды жадыратарлық күдіретті күш жоқ секілді. Болмайтын да шығар. Соның орнын енді өздері там-тұмдап болса да толтырмақ ыңғайда, әркім тәубаға шақыру ниетімен өздері қолайлы көрген амалдарын жасап бағуда. Тіпті әзіл қосып жіберіп, күлкі оятып, қажыған жүректі әлдендіруге пұрсат тауып жатты кейбірі.

— Әнуар-ау, осы сен, ауыл шаруашылығы институтында оқып жүріп, қалай ғана әртіс боп кеттің, — деп бір досы төтеннен қағытты.

— Иә, десейші-ау, біз сені әке жолын қуып колхоз, совхоз басқарады деп, күпініп жүрсек, — деп екінші құрбысы ақталмаған үміттің сырына арада қаншама жылдар өтсе де, енді қаныққысы келгендей жорта түсінбестікпен тілге тартпақ болды Әнуарды.

— Анау-мынау емес, аты дардай мехфакті тәрк етіп тастап, әртістікке құлан-таза бет бұрғаның қызық-ақ, — деп, үшінші досы әлгілердің сөзін құптап, «осы сауалдарымызға не айтасың?» дегендей, Әнуарға аңтарыла бұрылды.

Үй ішіндегілер бәрін бағамдайды. Түсінеді. Баяғыда-ақ жауабы қайтарылған сұрақтардың дәп осы қазір төбеден түскен таңсық ретінде неге қайта, қойылып отырғанын бәрі бажайлайды.

Әйтеуір, үнсіздікті бұзып, әлдене әңгіме өрбітіп, қажыған Әнуардың кеуілін көтермек үшін қойылған сұрақтар да.

Әнуар үшін қасындағы бір інісі жауап берді:

— Мехфак өмір-бақи мезі етерін білген соң, жүрегі қалаған әртістікті қуған ғой, Әнекен. Жүрек таңдауы адастырмағанын екінің бірі біледі қазір. Жүрек өз қалауынан жаза баспайды. Әсіресе, рухани, мәдени, өнерлік өлшем тұғысының алғанда. — Інісі сөзшең болып шықты. Ойын сенімді жеткізе сабақтады. — Мысалы дейікші, әртістік оқуға түсіп, оны тәрк етіп тастап, мехфакқа ауысып кетті делікші. Ондай Әнуардан дұрыс механик шықпас еді. Өйткені ол сезім қылын шертер нәзіктік рухын, Аллаһ тағала ғана алалап сыйлайтын ұлы бейімділікті бағаламай, адасқақ жолға түсті емес пе? Қай атақты әншіні білесіңдер, әншілігін тастап, сауыншы болып кеткен. Керісінше, адамзат әлемі зоотехник Айтматовты, геолог Сүлейменовті «әне, жүрек таңдауының озық үлгісін дәлелдегендер», — деп ардақ тұтады, талантына табынып, бастарына көтереді. Сондай дұрыс таңдауды тағдыр біздің Әнекеңе де бұйыртқан екен. Және мәңгілікке бұйыртыпты. Бір өмір түгесілсе де екінші тынысын ашып алатын алып өнердің деміндей болып, уақытпен үзеңгілесіп, үмітпен үкіленіп, кесімсіз мезгілмен мерейлене бермекші ғой... Міне, Әнекеңнің таңдауы осындай алмас қырлы, күн шуағындай нұрлы жол, халықпен бірге жасасатын жасампаз жол десейші...

Ұйытып айтты, бұл ұғым сырын. Түбіне жеткізе айтты. Әнуар інісіне жымыып қарады. Пікірін хош көріп, дәлелін мақұлдағаны екен. Өз жауабының жұмырлығындай екен. Одан асырып не айтады Әнуар? Қайтіп ақталады? Ақталып жатпайтын ақиқатқа сөз шығындағаннан не ұтар? Міне, отыз бір жыл бойы жалынан ұстаған өнері ат үстінен аударып кетпеген екен... Демек, дұрыс таңдау жасалғаны ғой... Әлгі достарын да түсінеді. Әйтеуір, көңіл табу місесі де... Осылар қайғысын бөліспесе, кім бөлісер, кім жеңілдетер десейші, сол?! «Айналдым, достарымнан! Ауылымның әр адамынан айналдым! Бір жүректің қайғысын мың жүрек жабылып жуып беруге жандарын шүберекке түйіп жүргендерін көріп отырмын ғой. Қуаныш-қызықпен көктемдер, өсімдер, өнімдерші менің, аяулыларым!»

«Айналана абай бол! Айналадағы ағайын-туыстарыңа сүйіне біл! Сыйлай біл!», — деуші еді жарықтық анасы. Сол кісінің айтқанымен, ақылымен жүріп келеді. Жөн жол — осы екен. Жүрек

жолы екен! Сол дағдысымен, міне, өзін қаумалап отырған әр адамның бәрін құшып сүйгісі келеді. Дәл қазіргі өзіндей қара жамылмаса екен деп жалбарына тілейді.

Тілеулестері де тым-тырыс отыруды қаламайтын тәрізді. Әнуардың көңілін көтеру үшін оннан-мұннан әңгіме құрап әлек. Соның бірі:

— Әнуардың мектеп қабырғасында жүріп-ақ «Алтын сақадағы» Хан рөлін келістіріп ояғаны әлі күнге көз алдымызда сияқты,— деп өнер бастауынан сыр суыртпақтағандай болды.

— Иә, жездесі Орынбасар ол кезде аудан жастарының жетекшісі болатын,— деп, үлкен әңгімеге екінші біреу араласа бастағанда, анадай жерде отырған Орынбасар Тұрашев ендігі сөзді өзім жалғағаным жөн болар дегендей, төтесінен кірісті.

— Ол жағын менен сұраңдар,— деп алып, өзіне тән әңгімешілдігімен елітіп, еліктіріп сөйлеп кетсін.

Әнуардың зердесі жездесінің әрбір сөзін сынаққа алғандай. Бәрі дұрыс. Еш ауытқымайды. Күні, айына дейін дәлме-дәл. Нендей пьесалар қойылды, кімдер қалай ойнады? Кешегідей қып әспеттеп жеткізеді. Әсіресе балдызының халықтық театрға деген өлшеусіз ықыласын айтқан тұста, жұртты өткір әзілімен күлдіріп те алады. Онда Әнуар осы жездесі мен Кәбираш апасының үйінде жатып оқитын. Комсомол хатшысы болып істейтін жездесі халық театрында сахналанған «Аңқау Жүсіпте» — Жүсіптің, «Ақан сері — Ақтоқтыда» — Балтаның, «Қозы Көрпеш — Баян сұлуда» — Қарабайдың, «Беу, қыздар-айда» Серкенің рөлдерін кәнігі әртістерше сәтті сомдап, көрермендерін қайран қалдыратын. Өнерпаз жездесіне Әнуар бала қатты еліктеп, сабақтан қолы қалт еткенде мәдениет үйінен шықпайтын. Жездемдей әртіс болсам екен деп армандайтын. Оның рөлге қажетті киімдерін, түрлі асай-мүсейлерін, тіпті қолдан жапсыратын сақал-мұртына дейін тасып, екі араны шандатып жүретін. Әртістікке құмарлығы өзін де рөлдер ойнауға жетеледі. Осының бәрін жездесі майын тамызып әңгімелеп берді... Тыңдаушылар да дән разы.

Жездесінің осындай желдірмелерінің әсерінен болар, Әнуардың ойы мектеп қабырғасындағы жылдарды сынаптай сырғытып, сүзіп өткен еді... Әртістікке әуестік буынын алып, миын айналдырып тастағанын ұмытар ма? Түрлі пьеса мәтінін өз бетінше оқып, іштей күбірлеп, сан қилы бейнелер күйіне еніп жүретін баланың бойында бұғып жатқан өзгеше бір талап бар екен. Ол — өлең

шығару талабы. Арагідік беймәлім сезім оянғанда, не істерін білмей, көбелекше зыр қағады. Іштегі бір әдемі әуен лықсып тіл ұшына кептеледі де, тұла бойы қызынып, дегбірі қашады. Әбден қайнауы жеткен сәтте қолына қалам алады. Ойында жатталған жолдар ақ қағазға жорғалай түсіп жатады. Әлі есінде, «Ұлы Жеңіс күніне» деген өлені сондай бір тебіреністен туып еді.

Ұлы Жеңіс күніне,
Үнін косты бар халық.
Содан бері жиырма жыл,
Өзгерді елім каншалық!

Талқандап фашист ордасын,
Құлпырған біздің сәнді өмір.
Өмірге бақыт орнасын,
Жеңіске, міне, жиырма жыл!

Барлық адам тойласын,
Қуанып бүгін шаттана.
Жеңістің күні жайнасын,
Жырлайын мен де мақтана.

Бұл өлең мектеп бітіретін — 1965 жылы жазылған болатын. Он бірінші «Б» сыныбында оқитын. Ұлы Жеңістің жиырма жылдығына өзінше жырмен шашқан шашуы еді. Ұлы Жеңісті жақындатуға әкесі Боранбай да жан аямай қатысқан болатын. Әттен, Жеңістен соң алты жыл ғана ғұмыр кешті...

Дәл осы тұста мектеппен қоштасудың кимас кезеңдері де тақап қалған-тын. Әнуардың сағыныш торлаған жүрегі жыр төкпелесін. Өлеңін «Ұстазыма» деп атады.

Ақ жарқын, кең пейілді, адал жүрек,
Ұстазым, сүйем сені жұрттан ерек.
Әр сөзің маған қымбат алтыннан да,
Жаныма сол сөздерің болар тірек.

Баулитын ұстаз сөзі адамдыққа,
Өмірге тән қасиет-адалдыққа.
Білім алып Отаныңа еңбек ет те,
Маған ол барма дейтін жамандыққа.

Білімнің теңізінен сусындатқан,
Қолыма қалам беріп, сырымды ұққан.
Ұстазым, өзіннің мен шәкіртіңмін,
Өмірдің биігіне қанат қаққан.

Иә, ұстаздарына деген Әнуар махаббаты өмір бойы осы ыстық сезімнен бір ажырамаған еді. Оны сөзімен ғана емес, ісімен дәлелдеп баққан. Дәлелдей бермек.

... Мына басына қайғы түскен қиын мезетте де қасында ұстаздары отыр емес пе? Үнсіз ұғынысатын ұлағаттылар десейші, оларды.

... Алматыға оқуға бір топ сыныптастарымен аттанған шағы ше? Бәрі де есте. «Боранбайдың баласы әке жолын қуып, ауыл шаруашылығы саласының білдей маманы болуды армандапты», – деген үмітті сөзбен қатарласып, «Аудан әртісі атанған Әнуар соның оқуына түспегенде қайтеді?» – деген кесімді пікір де ел ішін аралап кеткен. Қос пікірдің де жаны бардай. Ендігісін өмір көрсетер... Осы тұжырымдардың қайсысының жалынан ұстарын анық білмеген Әнуар алыс жолға аттанатын көлікке келіп мінген... «Әртіс бол, атағың дүйім елге жайылған актер бол. Сонда-а-а...», – деп жанарына жас іркіп қалған бір бейненің қоштасарда нені мезеп тұрғанын да түсінетін... «Елге шаруашылық директоры болып кел», – деген анасының аманатын қайтпек?! Екіұдай сезіммен, дұбара күймен үлкен жолға түскен...

... Біжікен анасын жерлеген соң Әнуар Алматыдағы басшыларымен хабарласып, елде бола тұруға кішкене пұрсат сұрады. Ондағы ойы – анасының басын көтеріп, көңілін біржола демдеп қайту еді. Әйтпесе, мұндағы жалғыз Таңат інісіне ауырлау соғып жүрер деп ойлаған. Ағайын-туыстар да бар ғой, қол ұшын беретін. Сонда да басы-қасында өзі болғанды жөн санаған.

Уәде берген ауданның бір басшысы араға апта түссе де үнсіз жүр. Там көтеруге қажетті құрылыс материалдарынан қам жеме, бәрін жеткізіп, қол көмегін де ұйымдастырамын деген. Неге тымтырыс? Түсініксіз. Біреуге шаруа айтып, өтініп соңынан қалмауды ар санайтын Әнуар «уәдесін ұмытпас» деген оймен күн өткізе берді. Әлі де күте берер еді, астанада қызметі қалып барады дегендей... Дегбірі қашып, өзі қамданыс жасап көргісі келді. Таяққа сүйенген кісіге қарға адым жер мұң емес пе? Басшылардан көлік сұрамаққа да бекінген. Бірақ қанында жоқ пысықтық, ол райынан да тез қайтарып тастайды. Бір-екі жолдастары келіп: «Әкімге

баралық, сөзін жұтпасын» деп қолқалағанмен, тағы көнбеді. «Ыңғайсыз болар, уақытын алармын», — деп, жоғары жаққа аяқ баспады. Енді дос-жарандары амалсыздан басқа амалға көшпек болды. Әнуардың сыртынан әкімге барып, өз уәдесін есіне салып, тіпті ұятын түртіп оятқандай болып еді. Олардың сонда байқағаны — әкім өз көлеңкесіне қарадай мәз біреу екен. Шаруасы болса алдыма қайта-қайта кіріп өтініш айтып, тындырып алмай ма дегендей пандықпен кеуде керіп жүре берген. Әлдекімдердің өзіне жалбақтап-далбақтауына әбден еті үйреніп алған, шіренген шенеунік болса керек, біраз түсінік сөздерден соң Әнуардың кім екенін енді танығандай болып, иілген түрі бар. Сөйтіп, сәтін салып, лезде бәрі орындала бастады. Өз қаражатына қажетті материалдардың табылғанына Әнуар балаша қуанды. Арғы жағын жора-жолдастары өз күштерімен үйіріп әкетті. Анасының басы көтерілді. Үстінен үлкен бір жүк түскендей болған Әнуар Алматыға аттанып кетті.

...Тұңғыш рет алыс жолға ана тілегінсіз аттанды. «Қош, құлыным, жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын», — дейтін ана тілегін естімей аттанды. Қасиетті қара жерге анасын табыстап аттанды. Жүрегiнiң жарты тiлiмiн тастап кеткендей ауа қарманып, өңі бозарып аттанды. Тiрi пенденi өмiр сынағы қайда салмайды? Соның бәрiне де көну үшiн, басқа түсетiн қай қиындықпен де арпалысу үшiн алыс жолға түстi... Алда не күтiп тұр десейшi... Ештеңесiн бiлмей аттанды... Тек актерлiк түйсiкпен, актерлiк тағдырына деген үмiтпен туған ауылынан ұзай берген...

* * *

...1965 жылдың тамызы. Алматы. Әнуар Алматы ауыл шаруашылығы институтына құжаттарын тапсырды. Абитуриент.

...Қай көшемен жүріп келе жатса да асқақтап көзге түсетін қарлы Алатауға қараса, көңілі көтеріліп, ішінде бір бұлқыныс тулап шыға келетінін сезіп жүр Әнуар. Өн бойын шарпитын бұла сезім сыршылдықты аңсайтындай. Сұлулыққа құмартқан сергек көңіл тауда туып, тауда өспеген баланың тәкаппарлыққа, табиғат тылсымына деген іңкәрлігін оятып, өзгеше бір әдемілік әлеміне сүнгітіп жібергендей жұмбақ әсерге бөлейді.

Неңдей жұмбақ еді ол? Сұлулық дегеннің өзі жұмбақтықтан тұратын секілді ме? Бір көз салғаннан барлық сырын ашып алса, оның несі сұлулық? Тау да сондай үнсіздігімен «ішімдегіні біліп ал» дегендей, ту-у-у сонау ұшар басында жатқан қарлы жотасын құлпырта түсіп, жанар біткенді өзіне сиқырлай тартады. Әнуар да жаны нәзік, әсершіл бозбала ғой, тауға жай, селсоқ қарамайды, көзіне жас іркілгенін сезбей, сұқтана қарайды. Сұңғыла сұлулық одан әрмен еліктіре түскенін байқамайтындай өзі...

Осы Алатауды алғаш рет көргенде тамсана таңырқап: «Апа, апа, біздің басымызға төніп келе жатқан энеу бір алып бұлтты қарашы. Өзі қандай алабажақ, қандай сұсты, әрі сұлу еді?! Қарашы, қарап қалшы, апа, қазір жел айдап ыдырап кетеді ғой», — деп, Біжікен анасының дегбірін алған Әнуардың бұл таңғалысына бұларды ертіп жүрген жеңгесі сыңғырлай күлсін кеп, өзін-өзі тежей алмай.

Неге күледі? Табиғат таңғажайыбына күлуге бола ма? Табиғат тылсымын сезінбей, мазақ ету жараспайтын қылық қой. Әнуар жеңгесіне іштей ренжіп қалды. Сөйтсе, бекер екен онысы. Жеңгесі әлі де өз күлкісіне шашалып тұрып, Әнуардың есін алған осынау сұлу жаратылыстың бұлт емес, тау екенін айтқанда, өзінің аңғалдығын аңғарып, ұяттан жерге кіріп кете жаздаған еді байғұс қайыны. Төртінші сыныпты бітіріп, анасына еріп, бүкіл елге есімі мәшүһр ағасы Асқар Закариннің үйіне қыдырыстап келген бозөкпе бала тауды қайдан жыға танысын?! Қыр баласы таудың не екенін біле ме? Мидай жазыққа жанары үйренген баланың түсіне де тау кірмейтін шығар. Әрі кетсе жазық кірер, адырлар кірер немесе сағым кірер, сағындыртып сарғайған жота кірер... Түске де жаныңа жақын нәрсе кірер... Тау қайдан кірсін?.. Ендеше, бұл балада не жазық бар?

Сол Алатауды Әнуар енді араға жеті-сегіз жыл салып көріп тұр еді. Қайыра табысып тұр еді тауымен. «О, Алатау! Арманымға жеткізе гөр! Оқуға түсіп кетіп, студент атанайын. Институтты жақсы бітіріп, еліме маман болып оралайын. Маған осы үмітті жолда тілектес болшы, жәрдем етші, қинала қалсам, сұлулығыңмен демеп жүрші!»

Таумен осылайша сырласып, таудан жәрдем өтінген Әнуар бір сәт лүп еткен жүрегінің әлсіз бір әмірін орындаудан тайқып кеткен жанша әлгі өңмендеп бара жатқан, ойқастаған асау ойларын тежеп, жинап ала қойды. Іште үдере бас көтерген қайшы-

лық ойлар: «Жүрегіңе жаратылысыңнан біз еккен үміт сәулесін ұмыттың ба?» — дегендей сұспен ескерту жасап жатқандай еді. Иә, жүрек түкпірінде бұғып жатқан бұл сесті де есті нұсқауды ескермеуге болмайтын еді Әнуарға. «Болмайды, болмайды, болмайды!» — деп Әнуар Алатауға қарата үш рет саңқ етіп, ішкі тағы бір арманының шоқтығын тау басынан іздеп тапқандай қуанып, қос қолын соза жайып: «Менің Алатауым, сен маған табиғат театрындайсың ғой!» — деді де, сонау биікке қадалған жалынышты жанарын жылжытпаған күйі өзі сомдаған бейненің болмысына берілген актердей қатты да қалды...

Студент атанып, мехфактің бар мехнатын көтеруге мойын ұсынған Әнуар сабаққа ден қоя кірісіп кеткендей. Лекциядан қалмайды. Жазады, оқиды, сызады дегендей. Ұстаздарының алдын кесе өтпейді. Сыртынан бір қарағанда, нағыз талапты, үлгілі, ізденгіш студент секілді. Өзіне салсаң, өзгеше жауапқа сұрақ таппай, жиі қиналатынды шығарды. Бірінші семестрдің сынағынан сыр бермей өткен соң, ауылға барып оралды. Аунап-қунап қайтты. Мүмкін елдегі қысқы соғым қоңын жақсартқан болар... Бірақ жаны жүдеп қайтқанын өзі ғана сезеді. Жаны неге жүдейді?.. Өзі де бір түсініп, бір түсінбейтін беймәлім сыр еді. Бір Аллах Тағалаға ғана аян жан дерті еді...

Жан дертінің емін қалай табамын деп, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды Әнуар. Ойға салынған адам оңа ма? Оның түбігтей түтіліп кеткенін манайындағылар да сезбей қалмады. Қанша білдіргісі келмегенімен, мезгілі жеткенде туатын ай туып, бататын күн батады екен-ау. Ұстаздары ұнжырғасы түскен шәкіртіне күдікпен қарай бастады. Бір ілік табайын десе де таба алмайды олар. Лекциядан қалмайды, сирек те болсын қол көтеріп белсенділік танытқандай болады. Ал жағалай сынап-мінеп қарайтындай күдікшіл көзқарастардан Әнуардың өзі мезі бола бастағанын сезеді. Сондай кейбір түңілісті шақтарда «Роботсың, роботсың» — деп өзін-өзі келеке қылады, жүрек айдауымен жүрмей, жаңылыс басқан адамша ұятына өртенеді.

Екінші семестрдің басы еді, түн баласына кірпігі айқаспай қойған Әнуар төсектен екі көзі қанталап тұрған бойда шала жуынып-шайынды да, аса маңызды бір жаққа асыққандай троллейбусқа жүгіре келіп мініп алды. Қас қағымдай сәт пе екен, қалай жеткен көз ашымда бұл жерге? Өзі сезбейді, әйтеуір, бір керемет күш бойын билеп алған. Бір байқаса, Мұхтар театрына жаяу та-

қап қалыпты. Құдайым-ау, өні ме, түсі ме? Қайда келе жатыр өзі? Дұрыстап қараса, қарсы алдында қасқиып театр тұр! «Театр, театр, театр!» Жүрегі атойлап кетті. Алатауға мандайын бұрып: «Мені театрмен таныстыра көр, табыстыра көр, Алатауым!» — деп, қоңыр дауысы құлындай шырқырап шығып, бір орнында төнселіп, тебіреніп тұрды. Бұрын бұл театрға билет алып, көрермен санатында келіп жүретін. Таңғы елең-алаңнан желіккен бүгінгі мына келісі несі? Сондағы бітіргені не? Миына құрт түскен қойдай бір ізін шиырлап, театрды айнала береді. «Міне, Серке атамның ізі, міне Елубай атамның ізі, міне Аймановтай аймандай актердің ізі», — деп күбірлей түсіп, қансонарда із андыған саятшыдай кейде іштей, кейде естірте күбірлеп, мауқын бір басқандай болады. Қайдан мауқы басылсын?! Оңайлықпен басылмас! Ауырып қалмаса неғылсын?!

Осы күннен бастап тура бір апта бойы сырты бүтін, іші түтін күйде мең-зең қалыпта жүрді де қойды. Өнінен сырқат ізі білінеді. Қан-сөлсіз, боп-боз. Ілініп-салынып сабағынан қалмады, әйтеуір. Күндіз институттағы барлық «парыз-қарызын» өтеген соң, кешкілік театрға зытып отырады. Бұл қашақтығын ешкім білмейді. Әнуар бұл кезде сиқырлы бір әлемнің жұмағына кіріп алып, ләззатты шақтарын өткізіп жүрген-тін.

«Қазақфильм» киностудиясы жанында Ш.Аймановтың ұйымдастыруымен үш жылдық актер шеберлігі кешкі мектебі жұмыс істейтін. Базасы — осы театр. Соған қабылданып, бір сабағын құр жібермей, желпініп жүрген кезі. Ол — кешкісін ғана мандайына бұйырған бақытты шақ еді. Өзі құралпы немесе тіпті едәуір жас жігіттер мен қыздар кешке салым бас қосар еді. Рөлдерге жаттығып, сахнаның сырына қаныға түсер еді. Алғы кезекте, әрине, театрдың теориясы тұратын. Жеделдетілген тәсілмен болса да оның жалпы қағидаттарына төселу қажет еді. Онымен тізгіндестіріп нақты тәжірибеге бой үйрету, ысылу машақаттары тарамдалып кететін.

Тәйірі, машақат па соның бәрі Әнуар үшін?! Жанына ләззат сыйлайтын жағымды бір жайсаң шақ еді-ау. Ымыртпен бірге басына үйірілетін бақытты кезең еді. Әттеген-ай, сол бақыт ұзақ қонбайды басына. Түнделетіп жатақханаға оралысымен бұл-бұл ұшып, базарын тарқатып кетеді. Жан-сарайын жүдетіп кетеді. Ертеңгі күнді алдында әлдебір құбыжық күтіп тұрғандай әсермен күтеді... Жастыққа бас қойысымен күн тумай ертең, бірден

кеш түсіп кетпес пе екен деп аңсайды... Шіркін, сөйтуі де мүмкін-ау. Құдіреті күшті Жаратқан пендесі өте беріліп армандаған жағдайды жеңіл туғызады деген де сенім бар ғой... Әйтеуір, үмітінi үркітпейтінi рас қой. Мүмкін, сондай бір аңсарлы шағын туғызар. Ретін келтірейін десе, қиын болып па, түге. Күні бойы ұйқыдан бас алдырмай, төсегіне таңып тастау қиын ба? Сосын мейірімi түсіп, кешкілік «алып» ұйқыдан оятса ше... Бұл дереу киініп, кешкі шайын жүре ішіп, театрға жөнелсе ше... Құдіретті Жаратқанға несі қиын! Мүмкін бүгін солай болып қалар деп, дәмеленіп жатып Әнуар көзіне ұйқы қалай тығылғанын аңдамай қалды.

Тәтті түс көріпті... Басы тәтті, аяғы қатты болды сорлатқанда мұнысы. Керемет әртіс атанып, туған еліне гастрольмен бара қалмай ма? Анасы оңашада ұстап алып, шыбыртқының астына алсын кеп. «Басқарманың оқуына жіберсем, сандалып шайтанның шатағына ілінгенін қарашы мұның», — деп долданып шыпқыртады. Үйге қамап тастап, Алматыға жібермей қойды... Түсінен шошып оянды. Сау-тамтығы қалмағандай. Денесі көкпеңбек шығар, көтертпейді...

Тәңірі түскір-ай, бірақ кезекті таң атқан екен. Сабаққа жиналмаса болмайды. Оқулықтарының арасына «Театр теориясы» кітабы да қыстырылып кетті...

Басын торлаған күндізгі мұң сейіліп, керім кеш түсті. Әнуардың әзіл-қалжыны оянды. Тіпті троллейбустағылардың кейбірін қағытып әзілдеп, күмбірлеп-самбырлап театрға қалай жеткенін аңғармай қалды. Кіреберісте шашы жалбырап мойнына түскен, осында танысқан көркем жігіт Нұрқанат Жақыпбаевпен жолығысты.

— Театр жұлдызы, есенбісің?— деді оған кимелей түсіп.

— Кел, қос жұлдыз боп құшақтасайықшы,— деп ол да әзілкештеніп, бауырына тартты жаңа танысын.

— Мен саған түс жорытсам қайтеді?

— Жорып берейін, айта ғой,— деді ентелей түсіп Нұрқанат. Осы кезде бұлардың қасына жеңілтек бір қыз жүгіріп кеп тұра қалған еді.

Әнуар түсін айтып болған соң, Нұрқанат кәдімгідей ернін тістеп ойланып қалды да:

— Жақсы түс екен. Халқыңа танымал әртіс болады екенсің. Аңанның өкіртіп ұрғаны — сипағаны ғой, аялы алақанымен,— деп

көзінен жылтырап достық сезімі аңғарылған Әнуардың арқасынан мейірлене қақты.

Осы кезде сөзге әлгі жеңілтек қыз араласты.

— Бәрі жақсы ғой, ал үйге қамап тастап, Алматыға жібермей қойғаны қалай анасының? — деп, ол кәдімгі төселіп қалған түс жорығыштай алақанын жайып абдырап, әлдебір күдігін бүгіп қалғандай болды.

— Е, шыдамды тауыспай, жорысаншы,— деп Әнуар бүрк ете қалды.

— Жорысам, әртіс болсаң боларсың-ау, бірақ қамап қойған жерден қашып шығып Алматыға келіп, түбі Кеңсайда қаларсың-ау, — деп қарап тұр түс жорушың беті бүлк етпей.

— Жағыңа жылан жұмыртқаласын! — деді, түтігіп орнынан атып тұрған Нұрқанат.

— Ойыным ғой,— деді әлгі шошақай шошып кетіп.

— Түспен ойнамайды, түсті жориды! — деді Нұрқанат діріл қаққан денесін әрең ұстап.

— Ойыны шығар... — деді Әнуар да көңіліндегі кідік алған суықтық сызатын сездірмей, кеңкілдей күліп.

...Сол сәт суық айтылған осы бір сумақай сөздің Әнуардың театрға арналған бүкіл ғұмырының бір әлсіз санылауынан үнемі ызғарын шашып, жанын кейде кәдімгідей қалтыратып жүретінін оның өзінен басқа жан баласы сезбеуші еді. Сездірмейтін Әнуар. Жай бір елеусіз айтыла қалған кірпі сөздің өмір бойы жүрекке қадалған тікенше түйрейтінін Әнуардан өзге кім түсінер?..

Бір жолы студия мектебінің кезекті мизансценалық жаттығуында Шәкен Айманов ағасының есіктен үнсіз кіріп, мұның қабілет-қарымын бақылап тұрғанын қайдан білсін, еркін көсіле, шабыттана, өз-өзін ұмытып, ішкі әлемін құлпырта құмардан шыққандай жалындап сөйлеп тұр еді. Талап — өмірдің жанға салған салмағын түр-кейіппен де, дауыс ырғағымен де, қимыл-қалыппен де күйзеле бейнелеу болатын.

Сол үдеден шығу үшін Әнуар барын салып тұрғандай еді: «Оның демі — театр... Оның әні мен сәні — театр... Оның театрысыз күні қаран қалмақ. Жүрегі сездірген өмірлік сыры осы еді. Мүмкін, ғұмыр бойы сүйенері де, күйінері де театр деген тәтті әрі ащы сөзден бастау ала беретін шығар. Сөйтсін, содан басқа жан қалауы қалып па?! Сөйтсін, содан басқа нендей қызық күтіп тұр мұны. Шыжығына да күйер, бәрібір театрды өліп-өшіп сүйер!

Сүйер! Күйер! Түсінде де көрер театрды... Түсінде ме?.. Түсінен шошиды... Түсін жорушыдан шошиды... «Түс — түлкінің боғы» болмай, шындыққа айналса ше?.. Кеңсай оны тартып тұр ма сонда?.. Торғай мен Кеңсайдың арасы... Бір қазақтың даласы... Қазаққа өнерін сыйламақ... Түс... Мүмкін, сесті емес, есті түс шығар... Мүмкін, өнерге өлшеніп берілген өмірдің қысқалығын меңзеген түс шығар... Ендеше, бекіндім. Серпілдім. Сергідім. Кергідім. Өнер үшін өмірімді сарп етермін. Бұл жалғаннан халқым айта жүрерліктей тым болмаса, бір бейне сомдап кетермін... Жетермін арманыма. Сосын кетсем арман жоқ... Арман жоқ... Өнермен өмірім өрілсе — армансызбын. Армансыз адаммын... Армансызбын... Ей, жұртым, армансыз адамды көргілерің келе ме?! Ол мына менмін!.. Бірақ, бірақ, бұл сөзіме сенбендерші! Еш пенде армансыз өтпейді дүниеден. Ал актер атаулы орындалмаған арманымен бақытты. Маған да сол бақ бұйырса... Бұйырар... Өйткені актердің өмірін мәңгілік сейілмейтін мұң торлаған. Ол өмірде де, өнерде де мұңды, шерлі, қайғылы... Өнерде аты озып келген сайын мұң қоюлана түседі. Серпілмейді мұң. Мұңмен мұңданып күресе алмайсың. Күлкі керек. Әзіл керек. Еңбек керек. Жүгірермін. Құлармын. Тұрармын. Сөйте-сөйте өнер бәйгесінде Құлагердей сұлармын... Бұдан артық өнер құны болар ма?! Ей, тағдырым, жалынам, маған да, оған да, қасымдағы мына бейбақтардың баршасына осындай өзгеше пұрсат бер... Көрген түсім солай бұйырады екен, көнбеске шара қайсы?.. Көнермін, көнерміз... Түс... Театр... Түс... Театр!...»

Әнуар ма екен осы, осындай өз сөзіне өзі балқып, балбырап, жүзі албырап, кескіні жайнап, қаны қайнап, ауада қалқып ілініп қалған бір бейне. Мынау бір ертегі әлеміндегі ерекше жаратылыстай ғой, сірә. Сөзі қандай әсерлі?! Майда қылық, жібектей есілген биязы мінез, мөлдіреген көз, қас-қабқтың туған айдай қиыла қимылдауы, үсті мен етегі мінсіз пішілген мұрын, тек жақсы лебіз білдіруге жаратылғандай қаймыжықтай ерні, ердің ерен қалпын аңғартарлық иілмей біткен жазық иегі, бәрі-бәрі сұлу астаса келіп, етегі толқын-данған бұйра шашының әсемдігімен тоқайласа кеткенін қарашы.

Әнуардың өзіне қарамай сөзін тыңдасан, бір олқылық барын сезерсіз. Ал сөзіне бейіл қойғанда, өңіне көз жүгіртпесеңіз, тағы кемшіндік, әлдене жетіспей тұрғаны аңғарылып қалатындай. Сөзсіз көркі, көркісіз сөзі жетімсірейтін бір хал екен. Хас талант, дара дарын әдетте осындай мінсіз құйылымымен таңдай қақты-